

**КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІКТІ ТАЛУҒА АРНАЛҒАН
БІРЖОЛҒЫ ВАУЧЕРЛЕРДІ БЕРУ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Өңірлері
Арасында бөлу қағидаларына әдістемелік
МАТЕРИАЛДАР**

I. Жалпы ережелер

Кәсіптік біліктілікті тануға арналған біржолғы ваучерлерді беру, қаржыландыру және Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу қағидаларына осы Әдістемелік материалдар біржолғы ваучерлерді (бұдан әрі – біржолғы ваучер) беру, қаржыландыру және Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру кезінде әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Осы әдістемелік материалдарда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) кәсіптік біліктілікті тануға арналған біржолғы ваучер – тіркелген жұмыссыз адамдарға берілетін және олардың кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіп бойынша кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен ақысыз негізде өту құқығын куәландыратын электрондық құжат;

2) жұмыссыз – жұмыс іздеуді жүзеге асыратын және жұмысқа кірісуге дайын жеке тұлға;

3) «Еңбек нарығы» ААЖ (әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі) – халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органдардың, еңбек мобильділігі орталықтарының, мансап орталықтарының, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және халыққа әлеуметтік-еңбек қызметінде мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған ақпараттандыру объектісі саласы;

4) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасы – «Кәсіптік біліктілік туралы» 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағында көзделген және «career.enbek.kz» домендік атауымен орналасқан ақпаратты қамтитын «Электрондық еңбек биржасы» жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық платформасының порталы;

5) еңбек мобильділігі орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын әзірлеу және іске асыру мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы құратын заңды тұлға;

6) мансап орталығы – еңбек мобильділігі орталығының функцияларын аудандарда, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда, астанада орындауды жүзеге асыратын филиалы;

7) үміткер – жұмыссыз ретінде тіркелген тұлға.

II. Біржолғы ваучерлерді беру тәртібі

Мансап орталығы кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге ниет білдірген үміткерге Кәсіптер тізіліміне сәйкес кәсіпті және мәліметтері Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында орналастырылған тану орталығын таңдауда консультациялық көмек көрсетеді.

Біржолғы ваучерді алу үшін үміткер ағымдағы жылғы 15 қазанға дейін ҰБЖ цифрлық платформасындағы жеке кабинетінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біржолғы ваучер алуға электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған біржолғы ваучер алуға өтініш береді. Мемлекеттік органдардың интеграцияланған ақпараттық жүйелерінде мәліметтер

болмаған жағдайда үміткер өтінішке Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес білімі туралы және еңбек қызметін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса береді.

ҰБЖ цифрлық платформасы өтініш автоматты режимде келіп түскен сәттен бастап:

үміткердің жұмыссыз ретінде тіркеудің болуына;

Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлуге сәйкес үміткердің өтініш берген өңірінде біржолғы ваучердің болуына;

үміткердің ағымдағы жылы бір реттік ваучер алмауына үміткердің өтінішін тексеруді жүзеге асырады.

Үміткердің Ұлттық біліктілік жүйесінің (бұдан әрі – ҰБЖ) цифрлық платформасында біржолғы ваучер ұсынуға өтінішті толтыруы

Біржолғы ваучер ұсынуға өтінішті үміткер ҰБЖ цифрлық платформасында толтырады.

Біржолғы ваучер ұсынуға өтінішті толтыру кезінде «Career Enbek Ұлттық біліктілік жүйесінің ¹цифрлық платформасында біржолғы ваучер ұсынуға өтінішті толтыру жөніндегі нұсқаулықты» (бұдан әрі – Career Enbek) орындау ұсынылады. Нұсқаулықта өтінішті толтыру кезіндегі үміткердің әрекеттері дәйекті сипатталған (<https://career.enbek.kz/ru/pages/edit-professional-standards> (жеке тұлға ретінде тіркелу қажет)).

1) Career Enbek-ке кіру

Career Enbek-ке кіру үшін <https://career.enbek.kz/> сілтемесі бойынша өтіп, жүйеге кіру қажет. Авторизациядан кейін «Жеке кабинетке» өтіңіз. Тіркелмеген жағдайда «Жеке тұлғаны тіркеу жөніндегі нұсқаулыққа» сүйене отырып, Career Enbek-те жеке тұлға ретінде тіркелу қажет².

2) Өтінішті толтыру

Жеке кабинетте бөлімдер арасында «Өтініш» тізімінен таңдау керек. «Өтініш» бөлімінде «Өтінішті толтыру» бағаны таңдалады. Әрі қарай, өтініш нысаны көрсетіледі, онда келесі міндетті өрістерді толтыру қажет³:

- Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) – автоматты түрде толтыру;
- жеке сәйкестендіру нөмірі – автоматты түрде толтыру;
- біліктілік деңгейі;
- кәсіптік біліктілік (дағды, дағдылар);
- кәсібі бойынша [кәсіп];
- оқу ұйымының толық атауы;
- дайындық бағыты;
- бітірген күні;
- еңбек қызметін (еңбек өтілін) растайтын мәліметтер;
- көрсетілген кәсіптік біліктілік бойынша [электрондық еңбек шартының ақпараты] - автоматты түрде толтыру;
- кәсіп бойынша дағды немесе дағдылар (тізімнен таңдалады);
- 20 таңбалы карточкалық немесе ағымдағы шоттың нөмірі;

¹ Нұсқаулық Career Enbek цифрлық платформасында функционал іске қосылғаннан кейін әзірленеді және орналастырылады

² Нұсқаулыққа сілтеме осы функционалды енгізгеннен кейін орналастырылады

³ Интеграцияланған ақпараттық жүйелерде ақпарат болған жағдайда жедел емес өрістер автоматты түрде толтырылады

- тұрғылықты жері [тұрақты тіркеу орны] – автоматты түрде толтыру;
- кәсіптік біліктілікті тану орталығы – тізімнен таңдалады;
- ұялы телефон нөмірі;
- электрондық пошта мекенжайы (e-mail).

«Дұрыс емес мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы ескертілдім» деген өрісте ✓.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон нөміріне және (немесе) электрондық мекенжайға ақпараттық таратылымдар алуға келісім беремін» деген жолға ✓ қою қажет.

Өтінішке электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады.

Өтініш берілген күн – автоматты түрде толтыру.

Мансап орталығы өтініш келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын, өтінішті толтырудың дұрыстығын, оның ішінде үміткердің кәсіптік біліктілік пен білімге қойылатын белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) өтініш дұрыс толтырылмаған және (немесе) кәсіптік біліктілік пен білімге қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда мансап орталығы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде «Еңбек нарығы» ААЖ-да дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Еңбек мобильділігі орталығы үміткерге ҰБЖ цифрлық платформасында дәлелді бас тартуды жібереді.

Үміткер құжаттардың толық топтамасын берген, өтінішті дұрыс толтырған, кәсіптік біліктілік пен білімге белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде мансап орталығы үміткердің өтінішін Еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Еңбек мобильділігі орталығы «Еңбек нарығы» ААЖ арқылы үміткердің біржолғы ваучер алуға өтініші келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде үміткер ҰБЖ цифрлық платформасында таңдаған тану орталығының жеке кабинетіне үміткердің өтінішін жібереді.

Тану орталығынан теріс жауап түскен жағдайда Еңбек мобильділігі орталығы «Еңбек нарығы» ААЖ арқылы бір жұмыс күні ішінде үміткерге ҰБЖ цифрлық платформасында дәлелді бас тартуды жібереді.

Еңбек мобильділігі орталығы «Еңбек нарығы» ААЖ арқылы тану орталығы расталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанындағы біржолғы ваучерді оның берілген күні мен қолданылу мерзімін, үміткердің жеке сәйкестендіру нөмірін және тану орталығының атауын көрсете отырып, ҰБЖ цифрлық платформасындағы үміткердің жеке кабинетіне жібереді.

Біржолғы ваучердің қолданылу мерзімі оны берген күннен кейін күнтізбелік алпыс күнді құрайды.

Егер үміткер біржолғы ваучерді оның қолданылу мерзімі ішінде пайдаланбаған болса, онда ол автоматты түрде жойылады, бұл туралы ақпарат «Еңбек нарығы» ААЖ-ға түседі.

Біржолғы ваучердің қолданылу мерзімі еңбекке уақытша жарамсыздық парағында көрсетілген біржолғы ваучерді алушының еңбекке уақытша жарамсыздық кезеңіне ұзартылады.

Біржолғы ваучердің қолданылу мерзімін ұзарту үшін біржолғы ваучерді алушы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған жағдайда «Еңбек нарығы» ААЖ-ға жіберілетін еңбекке уақытша жарамсыздық парағының көшірмесін ҰБЖ цифрлық платформасындағы жеке кабинетте орналастырады.

Еңбек мобильділігі орталығы «Еңбек нарығы» ААЖ-да еңбекке уақытша жарамсыздық парағының көшірмесін алған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде ҰБЖ цифрлық платформасында біржолғы ваучерді алушының жеке кабинетінде тиісті деректерді өзектендіре отырып, біржолғы ваучердің қолданылу мерзімін ұзартады.

III. Біржолғы ваучерлерді қаржыландыру және Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу тәртібі

Біржолғы ваучер негізінде кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге арналған шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Біржолғы ваучер негізінде кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге арналған шығыстар мынадай мөлшерде өтеледі:

1) кәсіп бойынша біржолғы ваучер алушының кәсіптік біліктілігін тану жөніндегі тану орталығының қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалған нақты шығындар:

– әлеуметтік-гуманитарлық бейіндегі, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш еселенген мөлшерінен аспайтын;

– техникалық бейіндегі, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен аспайтын;

2) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген алты еселенген айлық есептік көрсеткіш, оның тұрақты тіркелген өңірінен тыс жерлерде біржолғы ваучерді алушы кәсіптік біліктілігін тану рәсімінен өткен жағдайда материалдық көмек көрсетуге арналған.

Ваучер негізінде кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге жұмсалған шығыстарды өтеу сомасы мен оны өткеруге жұмсалған нақты шығындар арасындағы айырманы үміткер өз қаражаты есебінен дербес төлейді.

Емтихан комиссиясы «Кәсіптік біліктілік туралы» 2023 жылғы 4 шілдедегі № 14-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларында айқындалған тәртіппен кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту туралы шешімнің хаттамасына қол қойған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде тану орталығы осы Әдістемелік материалдарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ҰБЖ цифрлық платформасында жеке кабинетте қалыптастырылған және көрсетілген қызметтердің ЭЦҚ-мен қол қойылған актісін еңбек мобильділігі орталығына жібереді.

Еңбек мобильділігі орталығы көрсетілген қызметтер актісін алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде ақшалай қаражатты:

– Кәсіптік біліктілікті тануға арналған біржолғы ваучерлерді беру, қаржыландыру және Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу қағидаларының 14-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тану орталығына (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 380 бұйрығы);

– Кәсіптік біліктілікті тануға арналған біржолғы ваучерлерді беру, қаржыландыру және Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу қағидаларының 14-тармағының 2) тармақшасына сәйкес біржолғы ваучер алушыға аударады (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 380 бұйрығы).

Қазақстан Республикасының өңірлері арасында біржолғы ваучерлерді бөлуді уәкілетті орган үш жылдық кезеңге жүзеге асырады және еңбек нарығы туралы өзекті статистикалық деректерді ескере отырып, әрбір үш жыл сайын қайта қаралады.

Қазақстан Республикасының өңірлері арасында біржолғы ваучерлерді бөлу тиімділігін арттыру мақсатында еңбек нарығы туралы статистикалық деректерді өңдеу кезінде мынадай өлшемшарттарды ескеру ұсынылады:

- 1) өңірде тұратын халық саны (жас, гендерлік құрамы);
- 2) өңірде тұратын жұмыссыздардың саны (білімі мен біліктілігін растау қажеттілігін ескере отырып);
- 3) кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен сәтті өткен үміткерлерді кейіннен жұмысқа орналастыру үшін өңірлердің кәсіпорындарында/ұйымдарында жұмыс орындарының болуы;
- 4) үміткердің кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін кәсіптік біліктілікті тану орталықтарының болуы (аккредиттеуден өту рәсіміне дайындықты жүзеге асыратын кәсіптік біліктілікті танудың әлеуетті орталықтарын қоса алғанда – «Атамекен» ҚР ҰКП деректері негізінде).

Кәсіптік біліктіліктері тануға
арналған біржолғы ваучерлерді
беру, қаржыландыру және
Қазақстан Республикасының
өңірлері арасында бөлу
қағидаларына
1-қосымша

Электрондық құжат нысаны

Еңбек мобильділігі орталығы _____ (облыс, республикалық
маңызы бар қала, астана)

Біржолғы ваучер беру туралы өтініш

Мен, [Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)] [жеке сәйкестендіру нөмірі] [кәсіп] бойынша кәсіптік біліктілік (дағды, дағдылары) деңгейін [біліктілік деңгейін] белгілеу мақсатында маған кәсіптік біліктілікті тануға біржолғы ваучер беруді сұраймын.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон нөміріне және (немесе) электрондық мекенжайға ақпараттық таратулар алуға келісім беремін.

Мен өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1. Білімі [оқу ұйымының толық атауы, даярлау бағыты, бітірген күні].
2. Көрсетілген кәсіптік біліктілік бойынша еңбек қызметін (еңбек өтілін) растайтын мәліметтер [электрондық еңбек шартының ақпараты].

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес білімі туралы және еңбек қызметін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелер

- _____.
3. Мамандық бойынша дағды немесе дағдылар [мамандық] - [шеберлік (- және)]/

(қолмен енгізу үшін)

4. 20 таңбалы карточкалық немесе ағымдағы шоттың нөмірі _____.

5. Тұрғылықты жері [тұрақты тіркелген жері]

Дұрыс емес мәліметтер мен құжаттарды ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы ескертілді.
Кәсіптік біліктілікті тану орталығы [аккредиттелген тану орталығы].

Ұялы телефон нөмірі _____

Электрондық пошта мекенжайы (e-mail) _____

Электрондық цифрлық қолтаңба 20__ жылғы «__» _____.

Кәсіптік біліктіліктері тануға
арналған біржолғы ваучерлерді
беру, қаржыландыру және
Қазақстан Республикасының
өңірлері арасында бөлу
қағидаларына
2-қосымша

Электрондық құжат нысаны

Тапсырыс беруші (Еңбек мобильділігі
орталығы)

ЖСН/БСН

(байланыс құралдары туралы толық атауы,
мекенжайы, деректері)

Орындаушы
(Кәсіптік біліктілікті тану орталығы)

(байланыс құралдары туралы толық атауы,
мекенжайы, деректері)

КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ АКТІСІ*		Құжат нөмірі				Жасалған күні
Реті бойынша нөмір	Көрсетілетін қызметтердің атауы (олар болған кезде техникалық ерекшелікке, тапсырмаға көрсетілетін қызметтерді орындау кестесіне сәйкес олардың кіші түрлері бөлінісінде)	Қызметтер көрсету күні**	Өлшем бірлігі	Қызметтер көрсетілді		
				саны	бірлік бағасы	құны
1	2	3	4	5	6	7
			Итого		x	

Қосымша: Кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өткен адамдардың тізбесі _____
парақта.

Тапсырды (Орындаушы)

_____/_____/_____
лауазымы қолы толық жазылуы қолтаңбалар

Басып шығару орны

Ескерту:

* Құрылыс-монтаж жұмыстарын қоспағанда, көрсетілген қызметтерді қабылдау-беру үшін қолданылады.

** Егер көрсетілген қызметтердің күндері әртүрлі кезеңдерге келетін болса, сондай-ақ қызметтер көрсету күндері мен қызметтерге қол қою (қабылдау) күндері әртүрлі болған жағдайда толтырылады.

Қабылдады

(Тапсырыс беруші)

_____/_____/_____

лауазымы қолы толық жазылуы қолтаңбалар

Көрсетілетін қызметтерге қол қойылған
(қабылданған) күні _____

Басып шығару орны